

Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 30 мамырдағы № 27/327 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 маусымда № 3923 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексінің (Салық кодексі)" 587-бабының 1-тармағына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қорының учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері белгіленсін.

3. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысының уақытша міндетін атқарушы А.Е. Ерболов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Маңғыстау облыстық мәслихаты

хатшысының өкілеттігін

уақытша жүзеге асырушы

Ш. Құлышқызов

А. Қуанов

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2019 жылғы 30 мамырдағы
№ 27/327 шешіміне
1-қосымша

Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қорының учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Жанама орман пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері (теңге)
Шабындық жерлер, соның ішінде шабындық жерлердің сапалық жай-күйінің топтары бойынша:			
1.	жақсы	гектар	327,18
2.	қанағаттанарлық	гектар	245,38
3.	қанағаттанғысыз	гектар	190,85
Мал жаю, соның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының бір басын жаю топтары бойынша:			
1.	түйе	бас	190,85
2.	ірі қара мүйізді, жылқы	бас	152,68
3.	ірі қара төлі, есек	бас	76,34
4.	ешкі	бас	133,59
5.	қой	бас	38,17

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2019 жылғы 30 мамырдағы
№ 27/327 шешіміне
2-қосымша

Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Пайдалану түрі, соның ішінде мерзімі бойынша	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және тарихи-мәдени, спорттық мақсаттарында пайдалану	гектар	552,01 (теңге)
2.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттарында пайдалану	гектар	136,32 (теңге)
3.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін пайдалану	гектар	Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексінің (Салық кодексі)" 508-бабының 2-тармағына сәйкес
Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылдан 10 жылға дейін)			

4.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы мұқтажы, ғылыми- зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи- мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда үшін пайдалану	адам- күн	0,1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК)
----	---	--------------	-----------------------------------